фессор Джантасова Дамира Дулатовна, отметив значимость инновационных методов обучения и международного сотрудничества в образовательной сфере.

Программа мероприятия включала различные тематические секции, охватывающие ключевые аспекты современного образования: методология преподавания, методика разработки уроков на основе CELTA, построение личного бренда преподавателя английского языка в социальных сетях, эффективное распределение задач в команде, инклюзивное образование и искусственный интеллект, психологическое благополучие учителей. Стоить отметить, преподаватели кафедры Иностранных языков нашего ВУЗа Ержуманова А. Е., Исина Н. Т. выступили в качестве спикеров сессии, освещающей тему «Task-based learning through generative AI» и «Enhancing students' communicative skills through Project-Based Learning».

Одним из ключевых событий конференции стала сессия «The Expert Exchange: From Questions to Solutions», в рамках которой участники могли задать вопросы экспертам по трем направлениям: методология преподавания, профессиональное развитие и лидерство в образовании, а также



предпринимательство и использование социальных сетей в обучении. Участники отметили высокий уровень организации мероприятия и важность обсуждаемых тем, выразив надежду на дальнейшее развитие образовательных инициатив. Конференция стала важной площадкой для обмена опытом и знаниями, способствующей развитию профессионального сообщества педагогов и внедрению передовых образовательных технологий.



Көрмеге білім беру саласының өкілдері қатысты, олардың қатарында Қарағанды облысының жастар саясаты мәселелері басқармасының басшысы Нұржан Ильяш, Ғылым және жоғары білім министрінің кеңесшісі Руслан Емелбаев, Ұлттық тестілеу орталығы директорының орынбасары Наужан Дидарбекова, кәсіби бағдар беруші Бақытжан Жұмашев және еліміздің жетекші жоғары оқу орындарының өкілдері бар. Спикерлер мектеп оқушылары мен олардың ата-аналарына шетелге шықпай-ақ халықаралық диплом алу мүмкіндіктері туралы ақпарат берді.

«Бүгінгі көрме түлектерге Қазақстанда ашылған шетелдік жоғары оқу орындарының білім беру бағдарламаларымен танысуға мүмкіндік береді. Қазіргі уақытта 23 шетелдік университетпен стратегиялық серіктестік орнатылған, ал тағы 11 университетпен келіссөздер жүргізілуде. Бұл қазақстандық жастардың білім көкжиегін кеңейтеді, өйткені мұндай жоғары оқу орындарында оқу мемлекеттік гранттардың қолдауымен халықаралық білім стандарттарына қол жеткізуге мүмкіндік береді», — деп атап өтті Ғылым және жоғары білім министрінің кеңесшісі Руслан Емелбаев.

Шетелдік университет филиалдары өңірлердің қажеттіліктеріне сәйкес ашылууда. Көрмеде еңбек нарығы мен Қазақстанның өндірістік секторына бейімделген



Болашақты таңдау

Қарағандыда Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрлігі мен Қарағанды облысының әкімдігі бірлесіп ұйымдастырған шетелдік жоғары оқу орындарының филиалдары көрмесі өтті. Бұл шара мектеп бітірушілеріне болашақ мамандықтарын анықтауға және жоғары білім алудың оңтайлы жолын таңдауға көмектесетін маңызды қадам болды.

жоғары оқу орындары ұсынылды. Абитуриенттер арасында ең танымалдарының бірі 2022 жылдан бері Ақтөбедері Zhubanov University базасында жұмыс істейтін шотландиялық HERIOT WATT UNIVERSITY болды. Қазіргі уақытта бұл университетте 600-ге жуық студент білім алуда, ал жоғары оқу орны түлектерді жоғары рейтингі және қолжетімді қабылдау шарттарымен тартады.

«HERIOT WATT UNIVERSITY-ге түсу үшін ҰБТ нәтижелері жеткілікті, ал ағылшын тілін білу

IELTS орнына ішкі емтихан арқылы расталады. Бұл қазақстандық талапкерлер үшін оқуға түсу процесін айтарлықтай жеңілдетеді. Сонымен қатар, біздің студенттеріміз университеттің Малайзия, Дубай және Эдинбургтегі филиалдарында білім алып, тәжірибе алмаса алады», — деді Zhubanov University-дің «Математика» кафедрасының оқытушысы Асқарбек Иманшеев.

Көрме мектеп оқушылары мен олардың ата-аналары арасында үлкен қызығушылық тудырды, өйт-

кені олар Қазақстанда халықаралық деңгейде білім алу мүмкіндіктері туралы өзекті ақпарат алды.

«Мен қос диплом алу және бұған дейін білмеген мүмкіндіктер туралы ақпарат алдым. Әсіресе, физика-математика бағытындағы бағдарламалар ұсынатын жоғары оқу орындарымен танысу пайдалы болды. Енді мен қай бағытта қозғалатынымды жақсырақ түсіндім», — деп әсерімен бөлісті түлек Анар Әлжаппар.

Жоғары оқу орындарының стендтері мен олардың өкілдерімен кездесулерден бөлек, көрме аясында шеберлік сыныптар, интерактивті ойындар және викториналар ұйымдастырылды. Бұл абитуриенттерге өздерінің қызығушылықтары мен белгілі бір мамандықтарға бейімділіктерін жақсырақ түсінуге көмектесті.

Айта кетейік, бүгін Қарағандыда басталған көрме 15 күнге созылып, Астана, Алматы, Тараз, Шымкент, Түркістан және Қызылорда қалаларында өтеді. Бұл — тек алғашқы кезең, кейін мұндай шаралар еліміздің басқа өңірлерінде де ұйымдастырылады. Ұйымдастырушылар іс-шараны ұйымдастыруға атсалысқан Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университетіне алғыс білдірді. Олардың пікірінше, мұндай бастамалар мектеп түлектеріне саналы таңдау жасауға және болашақ білім мен мансап жолында үздік мүмкіндіктерді табуға көмектеседі.



SAGINOV
TECHNICAL UNIVERSITY

Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті АҚПАРАТТЫҚ ХАТ

Құрметті әріптестер!

Сіздерді 2025 жылдың 26-27 маусымында Қарағанды техникалық университеті базасында өтетін университеттің «XVII Сағынов оқулары. Ғылым, білім және өндіріс интеграциясы» атты Халықаралық ғылыми-практикалық конференцияға шақырамыз.

Конференцияның негізгі бағыттары:

- 1 секция. Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық жаңғыруындағы стратегиялық бағыттары
- 2 секция. XXI ғасыр білімі
- 3 секция. Энергетика және энергия үнемдеу
- 4 секция. Автоматтандыру. Робот техникасы
- 5 секция. Электроника және телекоммуникациялар
- 6 секция. IT- және SMART технологиялары
- 7 секция. Геотехнологияның өзекті мәселелері
- 8 секция. Геология және жер қойнауын игеру
- 9 секция. Металлургия және материалтану саласындағы инновациялық технологиялар
- 10 секция. Машина жасаудың даму болашағы
- 11 секция. Сәулет және құрылыс
- 12 секция. Көлік, көлік техникасы және логистика
- 13 секция. Химия. Биотехнология

Конференцияның жұмыс тілдері: қазақ, орыс, ағылшын.

Конференция жұмысына қатысқысы келетіндер Ұйымдастыру комитетіне 2025 жылдың 5 маусымына дейін төмендегілерді жіберуі тиіс: қоса берілген форма бойынша қатысуға өтініш; төменгі талаптарға сәйкес жасалған баяндаманың тезистері; басқа жерден алынған болуы туралы анықтама (антиплагиат).

Конференцияға қатысу тегін.

Конференция жұмыстарының жинағы ISBN-мен конференция өткеннен кейін басып шығарылады және ҚарТУ сайтында электронды форматта орналастырылады.

Конференцияға қатысу үшін материалдар келесі электронды мекен-жайға жіберілуі керек: conf@ktu.edu.kz.
Пошталық мекенжайы: 100012, Қарағанды қ., Нұрсұлтан Назарбаев даңғ., 56, Әбілқас Сағынов атындағы ҚарТУ (бас корпус, 2 қабат, каб.226).

Конференцияны ұйымдастыру комитетінің жауапты хатшысы:

Сүлейев Бахтияр Даниярович

Анықтама телефондары: (8-721-2) 56-52-34

«XVI Сағынов оқулары. Ғылым, білім және өндіріс интеграциясы» атты
Халықаралық ғылыми-практикалық конференцияға қатысуға өтінім

1. Баяндамашының Т.А.Ә. (толық) * _____
2. Ғылыми дәрежесі, атағы * _____
3. Лауазымы, жұмыс (оқу) орны * _____
4. Жұмыс мекен-жайы _____
5. Байланыс телефоны, факс, e-mail _____
6. Секция нөмірі және атауы _____
7. Баяндаманың атауы _____

* - Қосалқы авторлар үшін ақпарат

Қолы

Күні

Баяндама тезистерін ресімдеуге қойылатын талаптар

Суреттер мен кестелерді қоса алғанда, А4 (210*297) форматындағы екі немесе үш толық беттің көлеміндегі тезистердің мәтіні Microsoft Word мәтіндік редакторында Times New Roman (KZ Times New Roman, Times/Kaz және т.б.) қарпімен терілуі тиіс, 1,0 интервалмен, өлшемі 14, мәтінді жолдың енімен түзету, абзац алды стандартты (1,25), барлық жиектері – 25 мм.

Үлгі бойынша ресімдеу:

ӨОЖ 622.272.6.

Мухамеджан И.Д. (Алматы, ҚазҰТУ)
Ажибеков А.Н. (Өскемен, ШҚІТУ)

ТАЗАЛАУ КЕНЖАРЛАРЫНДА БУРҒЫЛАУ ОПЕРАЦИЯЛАРЫНЫҢ
ТИІМДІЛІГІН АРТТЫРУ

..... мәтін

Пайдаланылған дереккөздердің тізімі (5-тен көп емес, 10қ).

Мәтін редакциялауға жатпайды және түпнұсқа болып табылады.

Сіздің назарыңызды жоғарыда көрсетілген барлық талаптарды сақтай отырып, материалдарды мұқият редакцияланған түрде ұсыну қажеттілігіне аударамыз. Баяндама тезистер авторлық жаңалығына (плагиатқа) тексеріледі. Баяндама тезисінде түпнұсқа мәтіні кемінде 75% болуы керек.

Талаптар сақталмай ресімделген немесе белгіленген мерзімнен кеш ұсынылған, сондай-ақ жариялауға ғылыми қызығушылық (авторлық жаңалық) танытпайтын баяндамалардың тезистері қабылданбайды және кері қайтарылмайды.

Онлайн режимге тікелей қатысу шарттары туралы қосымша ақпарат ҚарТУ сайтында ұсынылады.

Конференцияны ұйымдастыру комитеті

Пивень Геннадий Георгиевич — 80 лет



В 1971 году защитил диссертацию на соискание ученой степени кандидата технических наук. С 1971 года по 1983 год работал доцентом кафедры теоретической механики. С 1983 года — заведующий кафедрой технологии машиностроения.

В 1986 году защитил диссертацию на соискание ученой степени доктора технических наук в Институте автоматизации АН Киргизской ССР на тему: «Структурно-параметрический анализ и синтез гидрообъемных силовых систем горных машин».

Автор 4-х учебников, 8 монографий, более 60 авторских свидетельств и патентов на изобретения, более 250 научных и учебно-методических трудов в области горного машиностроения и моделирования динамики сложных систем. Профессором Пивень Г.Г. были разработаны теоретические основы для создания нового класса гидрообъемных силовых систем горных машин, получивших широкое применение во многих отраслях народного хозяйства РК. Исключительный по научной значимости и полезности цикл исследований был выполнен Республиканским центром по прогнозированию машиностроительного комплекса Республики Казахстан, руководителем которого являлся Пивень Г.Г.

В 1994 г. Геннадий Георгиевич был назначен ректором КарПТИ (с 1996 г. — Карагандинский государственный технический университет, ныне — НАО «Карагандинский технический университет имени Абылкаса Сагинова»). Это было очень сложное время. Республика Казахстан утверждалась в статусе суверенного государства. Кардинально менялась социально-политическая и экономическая обстановка, произошли большие изменения и в сфере высшего образования. Но, несмотря на все трудности, «политех» выстоял. Более того, ректорату удалось повысить эффективность управления вузом, сформировать его оптимальную структуру, существенно расширить перечень платных образовательных услуг и, в целом, сохранить кадровый потенциал института. Были созданы новые структурные подразделения:

Пивень Геннадий Георгиевич родился 1 марта 1945 года в г. Караганда. В 1967 году окончил Карагандинский политехнический институт (КарПТИ) по специальности «Технология машиностроения, металлорежущие станки и инструменты», работал на машиностроительном заводе ведущим инженером-технологом, а затем — в alma mater, пройдя путь от ассистента до профессора, академика.

факультет ускоренной переподготовки (факультет актуального образования) и факультет с сокращенным сроком обучения, что было продиктовано требованиями перехода страны к рыночной экономике — потребностью в ускоренном получении высшего образования, в том числе на базе среднего профессионального.

На базе КарПТИ приказом МОН РК в 1994 году было создано Учебно-методическое объединение вузов по инженерным специальностям. Первые в суверенном Казахстане государственные образовательные стандарты по 16 инженерным специальностям были разработаны УМО-КарПТИ в 1994–1995 гг.

Была перестроена профориентационная работа, налажены тесные связи с промышленными предприятиями, городскими и сельскими средними школами. Выполнена огромная работа по развитию инженерно-технического образования. В 7 учебных корпусах на 12 факультетах, 34 кафедрах велась подготовка инженеров по 56 специальностям высшего профессионального образования, в том числе и на государственном языке. Немалая заслуга Геннадия Георгиевича в том, что университет стал членом Международной академии наук высшей школы, Международной ассоциации инженеров-аналитиков в области автоматизированного анализа (Великобритания), Международной геотехнической ассоциации. Вуз принял участие в совместном проекте в рамках программы НАТО по созданию спутниковых систем связи между университетами Казахстана и Европейского союза. Диплом КарГТУ снова начали признавать на международном уровне — в Германии, Великобритании, США, Израиле, Канаде, Турции, Пакистане, Монголии, Китае, Сирии, в странах СНГ. За годы руководства Геннадий Георгиевич сформировал команду единомышленников — энергичных, высококвалифицированных специалистов, способных оперативно решать самые сложные задачи управления. В этот период сложились принципы управления коллективом, которыми он руководствовался на протяжении всего времени. Университет получил множество положительных отзывов предприятий о качестве подготовки выпускников. Не все удалось довести до конца, да это и невозможно. Но, несмотря на имевшиеся труд-

ности, за 14 лет руководства вузом было сделано многое, чтобы вернуть авторитет КарГТУ как ведущего вуза Казахстана по подготовке технических кадров. В сложных условиях переходной экономики ректор Г.Г. Пивень показал себя крупным организатором, сумевшим не только сохранить научно-педагогический потенциал и материально-техническую базу вуза, но и поднять технический университет на принципиально новый уровень.

Его многогранная научно-педагогическая и организаторская деятельность была заслуженно отмечена многочисленными наградами и званиями. Он награжден медалью ВДНХ СССР, знаком «Лауреат НТТМ», дипломом и Почетной грамотой ВДНХ КазССР, орденом «Құрмет», медалями «10 лет Независимости РК», «10 лет Вооруженных сил РК», медалью им. А. Байтұрсынова, нагрудным знаком «Отличник народного образования РК», грамотами и благодарностями МОН РК. Ему было присвоено звание «Почетный работник образования РК».

Доктор технических наук (1986 г.), профессор (1988 г.), член-корреспондент МАН ВШ (1995 г.), академик Академии естественных наук РК (1996 г.), академик Инженерной академии РК (1997 г.). Пивень Г.Г. также вел большую плодотворную общественную деятельность. Он был членом диссертационного совета по защите докторских и кандидатских диссертаций, председателем Совета учебно-методического объединения по 16-ти инженерным специальностям, главным редактором журнала «Информатика и автоматика», членом редакционной коллегии журнала «Вестник высшей школы Казахстана», председателем Карагандинского филиала Инженерной академии наук РК, президентом Ассоциации технических вузов Казахстана, Урала, Сибири, Узбекистана, Кыргызстана, Таджикистана, членом Высшей научно-технической комиссии при Правительстве РК, комиссии по присуждению Государственных премий РК в области науки и техники.

Геннадий Георгиевич абитуриентом вошел в здание политехнического института и 45 лет не расставался с ним. Все эти годы он ощущал себя частью университета, отдавая ему свою душу, свои знания, опыт, заслужив неподдельное, искреннее уважение коллег, друзей. Светлая память!



Еңбек түбі — зейнет

Білім беру саласында педагогикалық тәжірибесі, шығармашылық дарыны мол, рухани бай әрі жаны жаңалыққа құштар жан-жақты тұлға, ұстаздық міндетке барынша адал, саналы ғұмырын бала оқытуға және де университеттің өркендеуіне де еңбегі сіңген әріптесіміз «Қазақ тілі және мәдениеті» кафедрасында 30 жылдан астам еңбек еткен аға оқытушы Мұрат Әбдірахманұлы Хасен зейнет жасына жетті.

«Ұстаздық еткен жалықпас, үйретуден балаға» деп хакім Абай айтқандай, Мұрат Әбдірахманұлының жас ұрпақтың бойына білім мен өнерді, адамгершілік пен адалдықты, рухани байлық пен ұлттық дәстүрлерді сіңіріп, тұлғалы азамат тәрбиелеудегі еңбегі ұшан-теңіз.

Мұрат Әбдірахманұлы 1985 жылы Е. А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінің «Қазақ тілі және әдебиеті» мамандығын бітіріп, «Филолог. Оқытушы» біліктілігін алды. 1989 жылдан осы уақыт аралығында «Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» қазақ тілі және мәдениеті кафедрасында аға оқытушы, 1993–1996 жылдары кафедра меңгерушісі, 2008–2009 оқу жылында Ш. Құдайбердіұлы атындағы «Тілдердің үштұғырлығы» орталығының директоры қызметтерін атқарды. Осы еңбек еткен жылдарында 40-тан астам басып шығарылған ғылыми еңбектерінің авторы, оның ішінде 1 монография, 4 авторлық құқық объектісіне құқықты мемлекеттік тіркеу куәлігі, 4 оқу құралы, 3 электрондық оқулығы, 7 әдістемелік нұсқауы жарыққа шықты.

Еңбек жолындағы марапаттары:

- Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Құрмет грамотасы;
- Университет ректорының Құрмет грамотасы;
- Қарағанды облысы ішкі саясат басқармасының алғыс хаты;
- Қарағанды облыстық тілдерді дамыту жөніндегі басқармасының алғыс хаты.

Мұрат Әбдірахманұлын құрметті демалыс, зейнет жасына жеткен қуанышты күнімен құттықтаймыз! Қызмет деген бір белестен өтіп, құрметті демалыс кезеңіне жеткен қуанышыңыз ұзағынан болсын! Әріптестеріңіз бен жақындарыңыздың құрметіне бөленіп әдемі ғұмыр кешіңіз!

Чистая сессия — 2024

Отделом педагогического мониторинга Департамента по академическим вопросам по результатам зимней экзаменационной сессии 2024–2025 учебного года на платформе Google было проведено онлайн-анкетирование «Чистая сессия» среди обучающихся всех факультетов университета. Анкетирование прошли 2 653 обучающихся, из них 2 528 студентов 1–5 курсов, 80 магистрантов и 45 докторантов нашего университета. Тем не менее, выпускные курсы не проявили особого интереса к данному опросу, а первокурсники оказались в числе активных респондентов.

Обучающимся было предложено указать «все ли их устраивает при подготовке к экзаменам», «получили ли они достаточно хорошую подготовку», «с какими трудностями они столкнулись при сдаче экзаменов», «считают ли они объективной форму оценивания знаний на экзаменах», а также «достаточно ли было выделено времени для ответов на экзаменационные вопросы».

Уровень успеваемости обучающихся, прошедших анкетирование, положительный, вследствие чего, задолженности по сессии имеют всего 11 % (291 чел.). Так, 92 % (2441 чел.) опрошенных, считают выставленные экзаменационные оценки объективными.

Большинство респондентов видит пользу в проведении СРСР (СРМР, СРДР). По объективности из форм оценивания знаний на экзаменах в первую очередь обучающиеся указали тестирование (56 %), а далее письменную (34 %) и устную (8 %), соответственно.

Данные результаты в своём субъективном значении могут свидетельствовать о высокой удовлетворенности значительного большинства обучающихся организацией и проведением зимней экзаменационной сессии.

Так же будут проведены онлайн-опросы обучающихся по качеству преподавания отдельных дисциплин учебного плана.



Академиялық адалдық қағидаттары — адалдыққа негізделген қатынастарды нығайту ретінде

Биылғы жылдың 10, 12, 14, 18, 19 ақпан күндері Әбілқас Сағынов атындағы ҚарТУ-да студент жастар мен университет оқытушыларының арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мен адалдық қағидаттарын қалыптастыруға бағытталған Жоспарлы іс-шараларды жүзеге асырудың екінші кезеңі өтті.

Басқарма мүшесі — Академиялық мәселелер жөніндегі проректор Б. Нүсіпбеков пен сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет бірлесе отырып, 2–3 курс студенттері және профессорлық-оқытушылар құрамымен, жалпы 1452 адамның қамтылуымен кездесулер өткізді.

Іс-шара барысында университеттің табысты жұмысы мен білім беру қызметтерінің сапасын арттыру кепілі ретінде академиялық адалдық мәселелері талқыланды. Сонымен қатар, қатысушыларға университеттің мемлекеттік сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты іске асыруға және бұл көріністерге «нөлдік» төзімділікті қалыптастыруға бағытталған қызметі туралы, сондай-ақ сыбайлас

жемқорлықтың алдын алудың маңыздылығы жайлы айтылды.

Атап айтқанда, Академиялық мәселелер жөніндегі проректор студенттерді оқу процесіне қатысты мәселелер бойынша тікелей өзіне жүгінуге шақырды. Бұл

қосымша құзыреттерді алу, экономика, психология және басқа да арнайы курстар енгізу сияқты мәселелерді қамтиды. Іс-шара барысында әрбір студент оқу кезеңінде білім алуға берілген мүмкіндіктерді барынша пайдалануы тиіс екені атап өтілді.

Кездесу қорытындысы бойынша студенттердің академиялық адалдық қағидаттары және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері туралы жеткілікті деңгейде хабардар екендігі атап өтілді.



ҚР «Атамекен» ҰКП Қазақстандағы жоғары оқу орындарының рейтингісін таныстырды

ҚР «Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлер палатасы еліміздегі білім сапасының елеулі көрсеткіші болып табылатын Қазақстандағы жоғары оқу орындарының рейтингісін ұсынды. Рейтинг әртүрлі критерийлерді, соның ішінде мамандардың дайындық деңгейін, ғылыми жетістіктерді, инновациялық белсенділікті және студенттердің кері байланысын ескереді.

Рейтингті талдаудың маңызды критерийлерінің бірі оқу бағдарламаларын еңбек нарығының талаптарына жедел бейімдеуге мүмкіндік беретін университеттердің жұмыс берушілермен белсенді ынтымақтастығы болып табылады. Жетекші компаниялармен және ұйымдармен өзара іс-қимыл студенттерге тәжірибенің көптеген түрлерінен және тәжірибелік сабақтардан өтуге мүмкіндік береді, бұл олардың бәсекеге қабілеттілігін айтарлықтай арттырады.

Әбілқас Сағынов атындағы ҚарТУ-дың 30 білім беру бағдарламасы рейтингке қатысып, соның ішінде 26 білім беру бағдарламасы топ оңға енді, бұл бағдарламалардың заманауи еңбек нарығының талаптарына сәйкестігін және мамандарды дайындаудың жоғары деңгейін растайды.

1 орынды келесі білім беру бағдарламалары иеленді:

6B07205 Пайдалы қазбаларды байыту; 6B07303 Сандық аэрофототүсірілім.

2 орынды білім беру бағдарламалары иеленді:

6B07201 Пайдалы қазбалар кен орындарының барлау мен геология; 6B07204 Металлургия; 6B07305 Құрылыс материалдары, бұйым және құрылма өндірісі; 6B07109 Электр энергетикасы; 6B07101 Автоматтандыру мен басқару; 6B07106 Көлік, көлік техникасы мен технологиялар.

3 орынды білім беру бағдарламалары иеленді:

6B07103 Материалтану мен жаңа материалдардың технологиясы; 6B07104 Машинажасау.

ТОП-5 келесі білім беру бағдарламаларын қамтыды:

6B07202 Тау-кен ісі; 6B11201 Тіршілік әрекетінің қауіпсіздігі мен қоршаған ортаны қорғау; 6B07306 Көлік құрылысы; 6B07501 Стандартизация және сертификация (сала бойынша); 6B07111 Технологиялық машиналар мен жабдық (сала бойынша);

6B11301 «Көлікті пайдалану және жүк қозғалысы мен тасымалдауды ұйымдастыру»;

6B07304 Құрылыс; 6B07301 Архитектура; 6B06201 Радиотехника, электроника және телекоммуникациялар.

ТОП-10 келесі білім беру бағдарламаларын қамтыды:

6B06301 Ақпараттық қауіпсіздік жүйелері; 6B07110 Органикалық заттардың химиялық технологиясы; 6B07203 Мұнай-газ ісі; 6B07302 Геодезия және картография; 6B07108 Жылу энергетикасы; 6B05101 Биотехнология; 6B06104 Есептеу техникасы мен бағдарламалық қамтамасыз ету.

Мұндай жоғары нәтижелерге қол жеткізу университеттің білім сапасын арттыру, оқудың инновациялық әдістерін енгізу және еліміздің жетекші жұмыс берушілерімен әріптестік қарым-қатынасты нығайту жөніндегі мақсатты жұмысының арқасында мүмкін болды. Алдыңғы қатарлы компанияларда дуальді білім беру, тағылымдама және тәжірибе студенттерге практикалық тәжірибе жинақтап, еңбек нарығында бәсекеге қабілеттілігін арттыруға мүмкіндік береді.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру: университет тәжірибесі

2025 жылғы 24 ақпанда Басқарма Төрағасы — Ректор С. Сагинтаеваның төрағалығымен Ә. Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университетінде Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері жөніндегі басқарманың кезекті кеңейтілген отырысы өтті.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың жоспарлы іс-шараларын іске асыру мақсатында отырыста қызметтің инфрақұрылымды дамыту жөніндегі қызметі тыңдал-



ды, онда қызмет басшысы сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін мониторингтеу және мүдделер қақтығысын болдырмау шеңберінде құрылымдық бөлімше қабылдайтын шаралар туралы айтты.

Жалпы Басқарма отырысының қорытындысы бойынша сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін азайтуға және құрылымдық бөлімшенің мүдделер қақтығысын болдырмауға бағытталған жұмыс қанағаттанарлық деп танылды.

Сонымен қатар Басқарма Төрағасы — Ректор сыбайлас жемқорлықтың алдын алу маңыздылығын және осы жұмысты жалғастыру қажеттігін атап өтті, сондай-ақ бір-қатар нақты тапсырмалар берілді.

Туберкулездің алдын алайық

Туберкулез — бұл өкпеде және лимфа түйіндерде ерекше қабыну өзгерістерінің пайда болуымен сипатталатын жұқпалы ауру. Туберкулез адам ағзаларының барлығын — сүйекті, бүйректі, миды, ми қабықтарын, теріні, көзді басқа да ағзаларды зақымдайтын жұқпалы індет. Ең жиі кездесетіні — өкпе туберкулезі.

Туберкулездің негізгі белгілері, ол ұзақтығы екі аптадан асатын жөтелдің болуы, шаршау, әлсіздік байқалады, дене салмағының төмендеуі білінеді, дене температураңыз ұзақ көтерілуі болады, түнгі уақытта тершеңдік пайда болып, кей жағдайда кеуде қуысының ауырсынуы білінеді. Кейбір адамдарда қан түкіру болады.

Туберкулез адамнан адамға ауа арқылы таралып, жұғады. Адам жөтелгенде, түшкіргенде, қақырғанда өкпе туберкулезі бар адамдар ауаға туберкулез бактерияларын жаяды. Ауруды жұқтыруға адамға бактериялардың аз ғана мөлшерін дем алуы да жеткілікті. Себебі, туберкулез қоздырғышының сыртқы ортада ұзақ уақыт сақталу қабілеті бар, микобактериялар тозаңданған, көгерген үй-жайларда жылдар бойы өмір сүруге қабілетті.

Егер, барлық сақтық шараларды сақтамаған жағдайда туберкулезді жұқтырып, ауырып қалуы мүмкін.

Туберкулез ауруы иммунитет төмендеген, жеткіліксіз тамақтану, қанағаттанарлықсыз санитариялық-гигиеналық жағдайларда орын алады. Негізінен иммунитеті

нашар жас балалар, жыныстық жетілу кезеңіндегі жасөспірімдер және иммунитеті төмен қарт адамдар ауырады.

Бұдан басқа туберкулез ауруына ықпал ететін факторлар, ол толыққанды тамақтанудың болмауы, туберкулезбен ауыратындармен тығыз, ұзақ қарым-қатынас жасау (кішкентай балаларға қысқа мерзімді қарым-қатынастың өзі жеткілікті), маскүнемділік, темекі шегу, нашақорлық және басқа да ілеспе аурулардың болуы (диабет, асқазан жарасы, өкпенің созылмалы аурулары).

Статистика бойынша жыл сайын әлемде сегіз миллионнан астам адам туберкулезбен ауырады екен. Қазіргі кезде елімізде туберкулездің таралу қарқынының төмендеуі байқалады. Қалай десек те, елде кейінгі жылдары туберкулезге шалдығу, өкпе құртынан келетін өлім-жітім көрсеткіштері тұрақты түрде азайып келеді. Өкінішке орай, облыс көлемінде жасөспірімдер арасында туберкулез ауруы 2022 жылы 100 мың адамға шаққанда көрсеткіші 24,2 болса, 2024 жылы 100 мың адамға шаққанда көрсеткіш 28,4 нау-

қасты құрап, ауру көрсеткіші 17,3 пайызға жоғарлаған. Әлихан Бөкейхан ауданында бұл көрсеткіш 2,7 есеге жоғарлаған.

Туберкулез ауруын анықтауда ең негізгі әдіс — ересектер үшін флюорографиялық жолмен тексерілу әдісі болса, балалар үшін Манту сынамасын қою әдісі. Ауданда 2024 жылы профилактикалық тексерулер кезінде флюорографиялық жолмен туберкулез ауруының анықталуы 2023 жылмен салыстырғанда 1,1 пайызға жоғары анықталу байқалады. Егер осындай әдіспен туберкулездің анықталуы неғұрлым жоғары болса, ауру енді ғана басталып келе жатқан кезеңінде, әрі асқынбаған түрінде анықталып, оның емделуі де, жазылуы да соғұрлым оңайырақ болады. Өкініштісі, туберкулез ауруының асқынған, бактерияның бөлуі байқалатын науқастар арасында бірнеше жыл қатарынан өкпесін тексермеген немесе дәрігердің қабылдауында болмаған тұлғалардың да анықталуы кездеседі. Бұндай жағдайдың ақыры — аурудың асқынуымен аяқталуы, мүгедектікке әкелуі де мүмкін, тіпті кей жағдайда өлімге де соқтырады. Сондықтан, жыл сайынғы өкпе қуысын флюорографиялық тексерудің қажет екендігін естен шығармағымыз жөн. Бұндай тексеру жасөспірім кезеңнен бастап жылына бір рет жүргізіледі.

Негізінен туберкулезді ағзаға жұқтырмауда салауатты өмір

салтын сақтау аса маңызды, үнемі денені шынықтыру, таза ауада серуендеу де өте тиімді. Әрі толыққанды, дәрумендерге бай тағамдармен тамақтану, жеткілікті, уақтылы ұйықтау және дұрыс гигиеналық тәртіп — адам ағзасының нығаюына ықпал етеді, әрі туберкулез ауруынан қорғайды.

Адамзат баласын аямайтын бұл туберкулез дерті жаһандық денсаулық сақтаудың маңызды міндеттерінің бірі деп танылып, 24 наурыз — Дүниежүзілік туберкулезге қарсы күрес күні болып жарияланды. Бұл айтулы күн — әйгілі неміс микробиологы Роберт Кохтың туберкулез қоздырғышын ашқан күнімен сәйкестендірілген.

24 ақпан айынан басталатын туберкулезге қарсы күрес айлығы 1993 жылдың 24 наурызынан бастап жыл сайын атап өткізіледі.

Дүниежүзілік туберкулезге қарсы күрес күнін өткізудегі басты мақсат — ол әлем халқының осы туберкулез ауруының жаһандық індет екендігі және оны жоюдағы күш-жігер, аурудың алдын алу, туберкулезге қарсы күресудегі қолданылатын әдістері туралы хабардарлығын арттыру.

Дерт көп, денсаулық біреу демекші, өз денсаулығымыз өзімізге ғана керек, ауруды асқындырмай, алдын алайық.

Гүлмира Муксинова,
Қарағанды қ.

Әлихан Бөкейхан ауданының санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының бас маманы

ҚР Ғылым және жоғары білім министрі Saginov Technical University-де ашылған «Мейірім» жастар денсаулық орталығымен танысты



Қарағанды қаласына жұмыс сапарымен келген Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университетіндегі «Мейірім» жастар денсаулық орталығының ресми ашылуына қатысты. Университет қызметкерлері мен студенттері үшін медициналық көмек бұрынғыдан да қолжетімді бола түсті. Себебі, жастар денсаулығына байланысты тегін кеңес алып, қажет болған жағдайда медициналық көмекке жүгіне алады. Емхана Қарағанды облысының Денсаулық сақтау басқармасының қолдауымен жүзеге асып, медициналық қызметтер ұсынуға мүмкіндік беріп отыр.

Жаңа емхана білікті медициналық мамандармен қамтамасыз етіліп, заманауи құрал-жабдықтармен толық жабдықталған. Мұнда денсаулық мәселелері бойынша медициналық кеңес беру, алдын алу шаралары, емдеу қызметтері және психологиялық қолдау көрсету қарастырылған.

Орталықтың қызметімен танысқан министр Саясат Нұрбек жоғары баға беріп, мұндай бастамалар еліміздің басқа да жоғары

оқу орындарында енгізілуі қажет екенін атап өтті. «Студенттердің денсаулығы — олардың білім алу сапасына тікелей әсер етеді. Сондықтан университет ішінен медициналық орталықтардың ашылуы — жастардың өмір сапасын жақсартуға жасалған маңызды қадам», — деді министр.

«Мейірім» орталығының есігі университеттің барлық қызметкерлері мен студенттері үшін әрдайым ашық.

«Жас Орда» жастар қауымдастығы орталығы ашылды

13 ақпан күні Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университетінде «Жас Орда» жастар қауымдастығы орталығының ашылу салтанаты өтті.



15 жылдық тарихы бар «Жас Орда» жастар қауымдастығының негізгі мақсаты студенттік өзін-өзі басқару қозғалысын қалыптастыру мен студенттерді қоғамдық іс-шараларға тарту арқылы академиялық ортада толыққанды тұлға ретінде тәрбиелеу, университет қабырғасында өтетін шығармашылық, қоғамдық, қайырымдылық іс-шараларға белсене қатысатын студенттер қатарын толықтырып, қызығушылықтарын арттыру. Бос уақыттарының сапалы әрі пайдалы өтуіне аталмыш Орталықтың септігі өте зор.

Ашылу салтанатында жылдар бойы қалыптасқан жастар қауымдастығының маңыздылығы мен Орталықтың құрылымының концепциясы түсіндірілді.

Орталықтың ашылуы — бұл университет басшылығының, оқы-

тушылардың және әрине «Жас Орда» жастар қауымдастығының мүшелерінің бірлескен күш — жігерінің нәтижесі.

Басқарма төрағасы — Ректор Сагінтаева С. С. студенттерге құттықтау сөзін айтып, ілтипатын білдірді. Студенттер өз кезегінде, арнайы Орталықтың ашылуына алғыстары мен қолдауларына ризашылықтарын айтып жатты.

«Жас Орда» жастар қауымдастығы орталығы жаңа идеялар мен жобаларға бастама болатыны сөзсіз!



Новые возможности воспитать силу духа

В Карагандинском техническом университете имени Абылкаса Сагинова состоялась торжественная церемония открытия современного тренажерного зала. В ней принял участие в качестве почетного гостя руководитель управления спорта Карагандинской области, олимпийский чемпион Серик Сапиев. Именно ему была оказана честь перерезать символическую ленту. Известный спортсмен подчеркнул важность пропаганды здорового образа жизни среди студенческой молодежи и поддержал инициативу руководства университета.



«Наличие такого современного тренажерного зала в университете — это отличная возможность для поддержания здорового образа жизни и занятия спортом. Уверен, что этот зал станет

местом, воспитания и роста многих талантливых спортсменов», — отметил он.

Председатель Правления — Ректор Карагандинского технического университета имени Абыл-

каса Сагинова Сауле Сагінтаева, поздравив всех с открытием нового тренажерного зала, отметила, что в университете уделяется особое внимание развитию спорта, а новый зал является важным шагом в этом направлении.

«Для нас важно, чтобы наши студенты не только получали об-

разование, но и всесторонне развивались. Новый зал создает условия для занятий силовыми видами спорта, пропаганды здорового образа жизни», — сказала она.

Современный зал оснащен различными тренажерами для силовых упражнений и кардиотренировок, гантелями, штангами и другими спортивными снарядами. Здесь студенты смогут улучшить свою физическую подготовку и заниматься спортом на профессиональном уровне.

Руководство университета и гости выразили уверенность, что новый тренажерный зал внесет весомый вклад в укрепление здоровья молодежи и развитие силовых видов спорта.